ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 15шілде№ 4360-24-00-2/1600іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 107 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ZAT» атауымен әрекет етуші Женисбек Зикирович Орманов жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы«Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 107 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ZAT» атауымен әрекет етуші Женисбек Зикирович Орманов жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ZAT» атауымен әрекет етуші Женисбек Зикирович Орманов жеке кәсіпкерімемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ZAT» атауымен әрекет етуші Женисбек Зикирович Орманов жеке кәсіпкеріненмемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Көшірмесі дұрыс.

Төраға **Б.Е. Елшібеков**

Анықтама: Шешім 28 тамыз 2024 жылы заңды күшіне енді.

Төраға **Б.Е. Елшібеков**

Документ подписан: Жусупов Т. К., 15.07.2024

Дата вступления в законную силу: 28.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 28.08.2024

4360-24-3-1/1681